

Торжественно сообщаем

# КАМЕНЬ ТОПАЗИТ



ГРА  
1

Қызылорда облысы  
Мәскеу ауданы  
Дүңкөл ауылы  
Бөбөк

Тұрлыбек ДЕМЕНҰЛЫ

Келте тонады  
КЕЛМЕНБЕТ



**Тұрлыбек  
АЕМЕНҰЛЫ**

Тұрлыбек ДЕМЕНҰЛЫ

КЕЛТЕ ТОНДЫ

# КЕЛМЕНБЕТ

*және оның ұрпақтары туралы әңгіме*

"Шартарап"

Алматы

1996

ББК 84 Қаз 7-4

А 20

Деменұлы. Т

А 20 Келте тонды Келменбет және оның ұрпақтары туралы еңгіме. Деректі еңгімелер, — Алматы: Шартарап, 1996, 182 бет.  
ISBN 5-7667-3923-0

Бұл кітапта Сыр өңірінің тарихи тұлғасы танылған Келменбет батырдың ғұмыры, ерлігі, психологиясы, басқа да қастерлі қасиеттері өскелең ұрпаққа өнеге ретінде өсерлі еңгімеленеді.



А 4702250201-01 хабарланбаған  
00 (05) — 96

ISBN 5-7667-3923-0

© Деменұлы. Т. 1996

Бұл еңбегімді анам Айқын Оспанқызының рухына  
арнаймын  
Автор.

Шежіре – ел қазынасы. Тарихымыздың түп-тегіміздің қайдан бастау алатынын зерттеп-зерделеу – бәріміздің борышымыз. Осы мақсатпен бүгінде жоғымызды түгендеп, асыл қазыналарымызды тарихтың қойнауынан аршып алып жатырмыз. А. Левшин, Н.Аристов, Ш. Уәлиханов, Ш. Құлайбердиев, М. Тынышбаев жазып алған шежірелер ел болып қастерлейтін жәдігерлік дүниелерге айналды.

Біздің еңбегімізге кіші жүздің Шөмекей аталығынан тарайтын Келменбет әулетінің шежіресі арқау болды. Қазір бұл атадан өрген ұрпақтар негізінен Сыр өңірінде тұрады. "Ана тілі" газетіне түскен шежірелік мәліметтер негізінде жасалған "Қазақ шежіресіне" және өзіміздің жиган деректерімізге сүйеніп, Келменбет аталығының шығу тегін былайша тараттық: ...Бекарыс – Ордаш – Мөнке – Шаншар – Тұлпар – Тоқпан – Алау – Алшын – Құдияр – Қайырбай (Қаракесек) – Шөмен – Шөмекей – Бозғұл – Келменбет. Аталықтың әрі қарай таратылуы жөнінде осы еңбегімізде баяндаймыз.

Келменбет руының шежіресін жазу барысында жоғарыда аталған "Қазақ шежіресін", Серғали Толыбековтың "Қазақ шежіресі", Хамит Мадановтың "Кіші жүздің шежіресі", Хисмет Табылдиев пен Ақылбек Қалмұратовтың "Кіші жүз руларының шежіресі", Тынышбек Дайрабаевтың "Кете, Шөмекей шежіресі" кітаптарын бағыт - бағдар ретінде пайдаландық.

Тағы бір айтарымыз, шежірелердің арасында сол әулеттен шыққан белгілі адамдар жөнінде деректі еңгімелер баяндалып отырады.

Атақты Келменбет батырдың екі айлығында жетім қалған жалғыз ұлы Әлдеберлінің кіндігінен өсіп-өнген, руының соңына Сарқасқа сөзі қосылып айтылатын 17/елдің /рудың жаз жайлауы қазіргі Ақтөбе, Орал, Жезқазған облыстарының түстігі болса, қыста Сыр бойының қазіргі Қармақшы, Жалағаш аудандарының тұсын және Қызылқұм ішінде қыстаған. Олардың ішінара қоныстана бастауы Сарықұм деген жерге Ораз ахунның, Қаракөлге Дәулетназар ахунның мешіттері салынуы себеп болған. Екі мешітті де салдыруға басшылық жасаған Жаңғабұл руынан шыққан атақты би, батыр Қаллан Талқанбайұлы /1819-1912/ болған.

Атақты Қалжан ахунға Ораз ахунның қызын ұзатқанда оны тұрақтандырып қалдыру мақсаты көзделген. Ораз ахунның осы қызы бұрынырақ Қалдан батырдың ағасы Ерболаттың баласына айттырылып қойылған еді. Соған орай Қалдан бірле жағдайды Ерболатқа өз келін түсіндіріп, айттырып қойған келінін Қалжан ахунға беруге көндірген. Сонда ағасы Ерболат:

— Түнде түсімде қолымдағы көгершім шаңырақтан шығып ұшып кетіп еді. Осыған көрінген екен ғой. Бұл өліммен тең оқиға болса да, ел мақсаты үшін көндім, — депті. Өкінішке орай, Қалжан ахун қызға үйленгеннен кейін еліне көшіп кеткен.

Қалдан би осыдан кейін Көгелташта оқып жүрген Жаңғабұлға күйеу Садыққа:


— Ендігі келерінде Көгелташты бітірген біліктілігі Қалжаннан басым адам тауып ала кел,- деп тапсырма береді. Тапсырма орындалады. Садық келер жылы Дәулетназар Әбіқаалыұлын / 1865 - 1932 / ала келген. Қалдан өзінің немересі Алуаны қалың малсыз Дәулетназарға қосып, мешіт салдырған. Расында да Дәулетназар ахун білімді адам екен.

Қазір 91 жастағы баласы Әбілақтың айтуына қарағанда Дәукең Көгелташты өте жақсы бітіріп, сол медреседе 9 жыл ұстаздық етіпті. Жоғарыда айтылған екі мешіттің салынуына орай сарқасқалар мен көрші рулардың арасынан оқуға деген ықылас білдірушілер көбейіп, ағартушылық жұмыстың белен алуына бетбұрыс пайда бола бастайды.

Ал енді осы тұста шежіресі жазылып отырған 17 рулы ел не себепті Сарқасқа атанған деген орынды сауал тұады. Ең алдымен қай рудың соңына Сарқасқа сөзі қосылып айтылады. Енді соны баяндайын:

КЕАМЕНБЕТ

Служба



Міне, сөйтіп Келменбет батырдың кейде немересі, кейде шөбересі, кейде шөпшегі ру атына айналған. Сарқасқа Келменбет батырдың мінген атының түсі Қазақта киелі адамдардың атын атамайтын әдет болған. Сонан ба, әлде Келменбет аты есте болмай қала ма:

— Қай рудансың?

— Сарқасқа боламыз.

— Қай сарқасқасың?

— Есбол сарқасқамыз, — деп әркім өз руына қарай сөйлеседі. Осы шежірені жинауға өткен жылғы басылымдардың бірінде республикамызда шежіре жинайтын орталық ашылғандығы, оның қаржысы жоқ болғандықтан ақысыз шежіре жіберуді сұраған мақала оқығаным себеп болды.

Иә, Келменбет батырдың қазір дүниеге он үшінші ұрпағы келуде. Демографиялық теорияға сүйенсек, бұл 325 жыл болады. Сонда Келменбет батыр ХУІ ғасырдың жартысында дүниеге келіп, өмір сүрген сияқты. Батыр атамыз негізінде қалмақтарға қарсы соғыста мерт болыпты. Оның өмір сүрген кезі қалмақтардың Жайық бойын жаулап алып, Еділге өткен кезіне тура келсді. Келменбет батырдың шөбересі Тойқожа батырдың бейіті Жайық өзені бойында деген сөз бар. Соған қарағанда батырдың ұрпақтары қалмақтармен аяусыз айқасқан кесіп түсер көк алмас болғаны тарихи шындық.

Бұрын қатар көшіп - қонып жүрген осы сарқасқалар Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Қармақшы, Жалағаш, Қазалы / Қызылорда облысы / аудандарының ұжымшар, кеңшарларына, облыс, аудан орталықтарына қоныс тепкен-ді. Ашаршылық, Ұлы Отан соғысы кезінде күнкөріс іздеген қазақтың бармаған жері, баспаған тауы қалды ма? Сондай нәубетке ұшыраған сарқасқалар да жеткен жерлеріне қоныстанып қалып, туған жерінен хабарсыз болды. Оның үстіне жазу, сызуға салақтығымыз әр ұрпақтың шыққан тегін жазып отыруларына кесірін тигізді.

Осы жиналған шежірені қатесіз десем ағаттық болар. Адам аттары бұрмаланып түсуі мүмкін. Есбол сарқасқаның Атырау облысындағы Жиенбай ұрпақтары, Құба сарқасқаның және Тоқсейіт сарқасқаның Ақтөбе облысындағы, Жанғабыл сарқасқаның Тәжікстандағы/Менлібай/, Өзбекстандағы Майлыбай ұрпақтарынан әзірге ешқандай мәлімет болмалы. Бірақ, іздей бермекпіз. Сол сияқты Құдайғұл ұрпақтары да толық емес. Осы шежіре қолына тиген Келменбет батыр ұрпақтары кеткен қателерді жөндейді, қалған жерлерін толықтырады, нағыз толық шежіренін жазылып, қайта жарық көруіне үлес қосады деп сенеміз.

Аталған шежірені жазып қалдырған, өз атасын тарқатқаны үшін марқұмдар Сағылбай Тұрғанбайұлының, Байзақ Жолшараұлының, Хамза Әбиұлының, Әдіс Ахетұлының, Көшекбай Ерәліұлының, Мәкенш Бөлекбайұлының, Қаражігіт Бұхарбайұлының, Ысқақ Айманұлының, Үсен Алмасұлының рухтарына бас иеміз. Сол сияқты шежіренің жиналуын қуана қолдаған, шын ықыластарымен көмектескен Қаршыбек Жүнісов, Өтеп Жауынбаев, Қожабек Найманов, Қытайы Нұржанқызы, Өтеп Сәрсенбаев, Бөхидә Саржанов, Мақсұт Нұрлілдаев, Әбдікәрім Күләбаев, Қайырбек Алмаханов, Науан Нұрмаханов, Тәңірберген Махмұтов, Жарылқасын Әбдікәрімов, Алланыш Қалмақанов, Бектай Ерімбетов, Төлеген Сайымов, Кәрібай Жақанов, Менлібай Ыбыраев, Өмірзақ Ілиясов, Садуақас Сердалиев, Өмірбек Шериев, Пақыратдин Бегәлиев, Жалғасбек Тұрмаханов, Ыбыраш Назаров, Мырзағали Қисықов, Ысқақ Нұржанов, Айтбай Әбетов, Ермекбай Темірбәев, Тоқташ Ержанов, Түлкібай Қаражігітов, Әзиз Шөкпаров, Элен Нүрәлиев, Айғали Шаяев сынды басқа да азаматтарға ұзақ өмір, бақытты тұрмыс тілейміз. Шежіренің басылып шығуына қаржылай көмектесіп, тікелей өз мойнына алған **Нұрлыбек ЖОЛДАСБАЕВҚА** Алланың нұры жаусын.

Автор.

## КЕЛМЕНБЕТ БАТЫР ТУРАЛЫ Аңыз Әңгіме

Келменбет батыр туралы әңгіме көп және әрқилы айтылады. Бірақ барлығының да маңызы бірдей, Сондықтан солардың ішінен шындыққа ең жақын түрін айтып беруді мақұл көрдім.

Келменбет екі ағасы Үсейін, Қожагелді үшеуі жастай жетім болған көрінеді. Тамақ табу үшін үш жаққа кетіп, байлардың малын бағуға жалданады. Бірде үшеуінің басы қосылғанда үлкені Үсейін: "Үшеуіміз бөлінбей бір байға ғана жалданайық" — дейді. Сонда Келменбет: "Мал жоғалмай, өлмей, қасқыр шашпай тұрмайды. Мұндайда байлар шығынды Құлайдан көрмей, бақташылардан көрелі де, сабайды. Таяқ жеп жатқан бауырыңды көру, оған болыса алмау бәрінен де ауыр" депті. Сондықтан үшеуі үш байға жалға тұрды.

Келменбет жылқы бақты, әркезде де жылқысы аман болды. Алған төлі де көп. Өте ыждағатты, үнемі аттан түспейтін, құлын байлау кезінде, тай, құнандарды бас білдіргенде ешкімге салмақ түсірмей, бәріне өзі үлгеретін. Небір шу асауларды құлақ пен кекілден алып, қозғалтпайтын. Сонысы үшін жылқышысына бай дән риза еді.

Бір күні өрісте таң алдында бір бие сары қасқа құлын туған. Сол құлынды өте жақсы көріп, кейіннен жылқы баққан ақысы үшін байдан сол тайды сұраған. Сонда бай: Сары қасқа тайды мен бергенмен, ел бермейді ғой. Өйткені ол перінің ойнағынан туған, келешек тұлпар болады. Ұран шақырып бәйгеде келетін жүйріктің егесі көпшілік емес пе, — дейді. Келменбет енбек ақысына онан басқа нәрсені алмайтынын, тек сары қасқа тайды ғана алатынын айтады. Бай Келменбеттің адал еңбегін қимаған, кетіп қалады деп қауіптеніп, дегеніне көнген. Әзірге Сарықасқаны егеленіп жүре берсін, кетіп бара жатқан кезде бір уәжін жасармын деп ойлайды.

Арада екі жыл өткенде Сарықасқа құнан шықты. Соңғы екі жылы үшін екі тай алмай, орнына бір құнан алады. Сарықасқаны мініп, құнанды жетелеп, байдан ұлықсат алып, ауылдан ұзай береді. Жолай жуан жыңғылды түбірімен жұлып алып, тақымына басқан. Онан әрі көп жүрген жоқ. Кенет шапқан аттың дүбірі естіледі. Қараса он бес аттылы адам сойлымен келе жатыр екен, Келменбет дереу қосарындағы құнанды байлап тастап, қуғыншыларға қарсы шабады. Өзін ортаға алған он бес адамды лезде ұрып түсіріп, аттарын қуып тастап, қосарына құнанын алып жүре берген ...

Күздің күні еді. Сарықасқа беске шыққан. Бай жігіттерімен қақтығыстан соң елге сирек келетін. Қақпан салып, тұзақ құрып, аң аулап күн көрген. Сондай күндердің бірінде сәскеде оңашалау ауылға келіп отырып, ханның алдағы сәрсенбіде қалмақ қамалына шабуыл жасайтынын біледі. Сол жорыққа Келменбет те кете барған.

Қамалды бір жеті бойы қамап, хан қарсыластарын ала алмаған. Тамақтары таусылып, қар аралас жауған суық жауыннан тоңа бастаған сарбаздардың бастары іруге айналды. Енді қазақ ханы қамалға шабуыл тәсілін өзгертеді. Олар қақпа беттен және шығыспен батыс қабырғадан үш жақтан шабуылдайды. Жау да басты күшін осы бағыттарға жұмсаған. Осыны байқаған Келменбет қарулы жүз жігітпен қамалдың ту сыртынан шабуылдайды. Қамалды бұзып ішке кірген шабуылшыларға алаң болып, сасқалақтаған жау кейін қарай лап қойғанда қорғансыз қалған қақпаны лезде қиратып, ханның әскері түгел қамал ішіне лап қойған.

Қолға түскен олжаны алып кейін қайтқан сарбаз бір елге келіп бел шешкен. Азанда ерте тұрған хан олжаны бөлу үшін барлық сарбаздарын жинаған. Ханның қырағы кезі кешегі қамалды бұзып түскен, бетпе-бет соғыста айналасы ашық алаңға айналып

қала берген, Сарықасқа аты бар, келте ақ тонды батырды көре алмады. Кешегі қамал бұзған Сарықасқалы батырға сұрау салуы мұң екен, Сары қасқа ат мінген сарбаздар "менмін" деп хан алдына бара бастаған.

Бұл кезде әбден шаршаған Келменбет басқалардан кештеу оянып, жиынның шетіне келе беріп еді, хан қасына шақырды да атын сұрады. "Атым Келменбет", — деді батыр. Сонда хан "Келте тонды Келменбет, келбетіне рахмет" деп батырдың қолын алып, арқасынан қаққан екен.

Келменбеттің бар жағдайын сұрап білген хан мол олаға қоса ағайынды үшеуіне үш қалмақ қызын беріпті. "Мына қыз уәзірдің қызы, мұны өзің ал, мына қыз бақсының қызы, бір ағана бер, мынау жас әйелді бір ағана бер" деген екен. Еліне келіп, ағаларын алдырды.

Ағасының біріне қыз, біріне әйел беруді ынғайсыз көрген батыр уәзірдің қызын Үсейінге, бақсының қызын Қожагелдіге беріп, әйелге өзі үйленген екен. Үсейіннен би көп, Қожагелдіден батыр көп шығу себебін осылайша әңгімелейтін үлкендер.

Келер жорықтарда хан оны қасынан тастамаған, кілең жеңіспен оралған. Тұңғыш ұлы Әлдеберді екі айлық болған кезде кезекті жорыққа аттанған. Ол кезде әйелдер ерінен қайда бара жатқанын сұрай алмаған. Жаман ырым санаған. Сыртта ат ерттеп жатқан күйеуінің / Келменбеттің / бес қаруын асынып, көп аттылы болып кетіп бара жатқанын көрген Ханбибі екі айлық баласын көтеріп, көп аттылының соңынан ере берген. Сүт пісірмей уақытта әйелді көрген біреу ханға білдіреді. Хан тоқтап, кейін қарады. Ханның қасындағы Келменбет те кейін қарап, өз әйелін таныған. Неге келе жатқанын сұраған еріне әйелі "Мені кімге тапсырып барасың?" - деп төмен қараған. Сонда "сені бір құдайға тапсырамын" — деді де Келменбет кете берді. Осы

соғыста Келменбет батыр қаза тапты. Талай жорықтарға үн - түнсіз шығарып салған Ханбибі осы жорықта күйеуінің мерт боларын қалай білді екен десеңізші.

Со заманның әміргерлік заңы бойынша екі қайнағасы Ханбибіге сөз салды. Ханбибі күйеуге шықпайтынын қанша айтса да қайнағалары қоймады. Мәселе зорлықпен шешілуге айналған соң Ханбибі ханға барған. Хан Үсейін мен Қожагелдіні шақыртып алып: "Келменбет келіншегін менің көз алдымда, бір құдайға тапсырған. Ханбибіде ешқайсының жұмыстарың болмасын" деген. Сонда да қайнағалары тыныштық бермейді. Келменбеттің батырлық сауытын, қару - жарағын қоса даулайтындай шығарды. Қайнағаларынан мазасы кеткен келіншек Келменбеттің әкесі Келдібаймен туысқан Қайқының Темір деген баласының қасына көшкен, Осыны естіген Қожагелді қасына 15 - 20 қарулы жігіт алып келіп: "Жау келіп қалды, батырдың сауытын, қару - жараған бер, соғыстан соң әкеп беремін" деген. Қасында қарулы адамдар болған соң шынында соғысуға бара жатқан шығар деп ойлап, батырдың қару - жарағын, сауытын беріп жіберген. Қожагелді сол алғандарын қайырып бермеген.

Қыстың күні екен. Әлдеберлі екі жаста болса керек. /біреулер жеті жаста дейді/ Намаздыгерде келіп қондыруға сұраған /біреулер қой қырқып жатқан кез екен дейді/ екі аттылы адамды Темірбай түрлі сылтау айтып қондырмапты. Мұны естіп тұрған Ханбибі үйіне қондыруға шақырған. Бірақ жолаушылар көңіл бөлмей кете берсе керек. "Алларыңызда ел жоқ, жерде қар бар, күн суық, жазым боларсыздар, біздің жаппаға түнеп шығыңыздар",- деп көп жерге дейін іздерінен қалмаған Ханбибіге қарап тұрып ақсақалдың біреуі:

— Балам, үйіңе қайт, таң атқанша пышағыңды өткір етіп қайрап ал, таң сыз бере батыстан ақ - қара бас қой алдыңнан шұбырып өтеді. Оң

құлағын шорт кесіп ала бер. Құлағы кесілген қой жаққа қарама, — деді де ғайып болыпты.

Таң сыз бере далаға шыққан Ханбибінің алдынан батыстан шығысқа ақ-қара бас қой шұбыра берді. Ханбибі оң құлағын кесіп ала берді. Сәске болды. Келіншек әбден титықтап шаршаған. Ойына қанағат оралды. Құлағы кесілген қойларға қарап, осы да болар дейді. Сол замат батыстан келіп жатқан қой тізбегі жоқ болды. Аңыз осылай дейді. Осы Әлдеберлінің кіндігінен 17 ру өсіп-өнген. Балшай, Кешубай, Қара Құршы / сарқасқалар / ұрпақтары ел арасында өз алдарына ру атанғанмен, еспей қалған.

### ЕСБОЛ САРҚАСҚАНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Әлдеберлінің тұңғыш баласы Есболдың кіндігінен талай - талай қасиетті адамдар өрген. Солардың бірі Ораз ахун. 1903 жылы сол кездегі Жаман Сыр, Қуандария болыстарына қарасты бүкіл жұртшылықты аур сілкіндірген кереметтей оқиға болды. Қайтыс болғанына он жылдан асқан атақты Ораз ахун өзінің шәкірттері Қалжан ахунға, Алдшбай ахунға аян беріп, "Менің жатқан бейітімді су басып кеткелі тұр, басқа жерге ауыстырып қойындар" депті деген сөз ел арасына ну қамысқа тиген өрттей тез тарады. Ораз ахунның мешіті де, бейіті де қазіргі "Ақжар" совхозының Сарықұм деп аталатын учаскесінде еді. Ол осы өңірде туып - өскен ғұлама кісі болатын.

Ежелгі қазақ салтында қайтыс болған кісіні бірнеше жылдан кейін қайтадан ашып, басқа жерге апарып қою деген тіпті сирек кездесетін оқиға. Сондықтан бұл мәселені бүкіл ел болып ақылдасып барып шешу керек-ті. Атақты батыр Қаладан Талқанбайұлы, әрі би әрі шешен Төребай Пішенұлы, Әлібай, Дәулетназар, Қожабай, Садық ахундар ел

ағалары Зарқұм, Аманбай, Рүстем және басқа кісілер бас қосып, Қалжан мен Алдашбайдың өз ұстаздарын басқа жерге көшіріп қою жөніндегі ұсынысын қоллады. Бүгін бірнеше күн дайындық жасалып, қарақұрымдай қаптаған халықтың көзінше Сарықұм табанындағы бейіт ашылды.

Бұл өңірде Сырдариядан бастау алатын өзеңтер көп болатын. Осы ғасырдың бас кезінде дария тасу болып одан сыртқа жайылған сулар қазіргі Ленин атындағы совхоздың "Томар бөгет", "Түп бөгет" деп аталатын учаскелеріне дейін жеткен еді. Міне, осы мол су Ораз ахунның да бейітіне қауіп төндірген. Ахун қабырының бетіне жабылған қамыспен ағаштарды жиналған жұрт қол ұшынан бөлісіп алды. Жиналған алаңдардың көптігі сондай әр қолға тек бір ғана қамыс не ағаш жаңқасынан тиді. Жұрт мұны әулиеден төбәрік деп алған екен. Ашылған қабыр ішіне ең аламын Ораз ахунның інісі Жөнербайдың баласы Смайыл түсті. Ол ірі денелі, жиырманың үстіндегі белді жігіт болатын. Оның қасында ахунның өз баласы Әбіжәміл мақсұм да бар еді. Жан - жағынан су алғанмен қабырдың ішіндегі су өте аз екен. Бұл суды қабыр жанындағы жұрт бір тамшыдан бөліп ішті. Ахунның сарғайған кебінін ашқан кезде жиналған жұрт тағы да қайран қалады. Ораз ахун сол қалпында ұйықтаған адамдай сартап болып жатыр екен. Тек сақал, қасы мен тырнағы ғана өскен болып шықты. Сол жерде оның, сақал - шашы да, тырнағы да алынып, денесі жуылып, жаңа киімге оралды. Елдің игі жақсыларының ұйғарымы бойынша Ораз ахун қазіргі "Ақжар" және "Ленин" атындағы совхоздардың орталығындағы ашық алаңға қайтадан жерленетін болып келісілген екен. Сарықұм мен бұл жердің ара қашықтығы екі ортаны су басып кеткендіктен бұралаң - бұлттарысымен қоса есептегенде 50 - 60 шақырымнан кем болмайды. Бірақ табытқа

салынып көтерілген ахунның мәйітін жұрт қолдан қолға тигізбей жаяу алып жүрді. Бұдан үш жыл өткесін, 1906 жылы осы жерге Ораз ахунның басына салынған қос үй там бой көтерді. Киіз үй түріндегі ауызғы бөлмесі кішілеу, төргі бөлмесі күмбезді, биік бұл қос үй тамның кесегін бүкіл халық болып құйып, Мәмбетәлі, Мәлібай деген ұсталар салған. Қазіргі кезде Ораз ахунның туған және қайтыс болған жылдары тек болжаммен ғана айтылып жүр. Кезінде көзіқарақты Әлжан Аяғанұлының мәліметі бойынша Ораз ахунның туған жылы мешін делінетін. Бұл 1836 жылға тура келеді. Бір деректер бойынша ахун алпыс бір жасында, екінші бір мәліметтерде елу алты жасында қайтқан деп есептеледі. Бірақ Ораздың ең кіші баласы Қалиолла әкесі қайтыс болғанда бір жастар шамасында екен. Ал осы Қалиолла ауданға аты кеңінен мәлім болған Ешмағанбет молдамен құрдас екен. Бұл кісі 1893 жылы туған. Сонда Ораз ахунның қайтыс болған кезін 1892 жыл деп айтуға болады. Бұл оның елу алты жасында қайтыс болғанын дәлелдей түседі. Ораз ахун Бұқарадағы Көкелташ медресесінде оқып жүрген кезінде "Терекей" деген кітап жазды. Қазір ахунның өз қолымен жазылған бұл кітабы ауландық мешіттің имамы Смағұл Қожахметұлының қолында сақтаулы. Осы кітаптың бірінші тарауын аяқтаған жерде мынандай жазу бар екен:

"Мен мүсәпір, бишара молда Ораз - Мұхаммед, қазақ, зұлқұжжа айының 7-сі, жұма күні, 1277 жылы осы кітапты тәмәдадым" деп жазған. Ал екінші кітаптың аяғындағы "Құлбаба, Көкелташ, 1278 жылдың аиәухал айының 18-і, жұма күні, 22 жасында аяқтадым" деген сөздер де Ораз ахунның өз қолымен жазылған.

Хижра жыл санауы бойынша 1991 жыл 1411 жыл болып есептеледі. Сонда бірінші кітап осыдан

134 жыл бұрын жазылған. Ол 1857 жылға тұстас келеді.

Осы мәлімет те Ораз ахунның 1836 жылы туғанын айқын дәлелдей түседі.

Жиырма бір жасында араб тілінде ғылыми еңбек жазып, оны тасқа бағқандай етіп маржандай өріптермен тізіп шыққан Ораз бабамыздың біліміне де, жазу шеберлігіне де қайран қалмасқа лаж жоқ. Кітаптың көлемі осы күнгі орта дәрежелі томдардың мұғдарындай. Ол жылытырақ, қалыңдау ақ қағазға қара сиямен жазылған. Жазу ішінде қызыл сиямен де өрнектелген тұстары бар. Бұл мазмұнына ерекше назар аударатын жерлері болса керек. Бір қарағанда кітапты қолмен жазды деуге сену қиын. Бірақ, анықтап қараған адам қолжазба екеніне де көз жеткізерліктей. Егерде қазақшаға аударылып, халық игілігіне асырылса, оның ұлттық баспа үлгісіне де, мәдениетіміздің тарихына да үлес болып қосылатыны сөзсіз.

Ораз ахун Бұқарадағы Көкелташ медресесін бітіріп, келгеннен кейін халық оны ерекше құрметтеп, Сарықұм деген жерден мешіт салып береді. Бұл мешітті салуға атақты би және батыр Қалдан Талқанбайұлы басшылық жасайды. Сөйтіп жан-жақты кете, шемекей руларының балалары осы мешітке келіп, Ораз ахуннан дәріс ала бастайды. Ал, бұған дейін қазіргі Қармақшы, Жалағаш, Тереңөзек аудандарының жерінде балалар дәріс алатын мешіт болмаған екен. -Ораз ахунның мешітінен дәріс алып шыққан Мырзабай, Қалжан, Әлібай, Аллашбай, Қожабай, Тоқсанбай деген кісілер кейін Бұқарадағы Көкелташ медресесін бітіріп, ахун атағын алады. Кейін олар да өз алдарына бір-бір мешіт ашып, елді имандылыққа, сауаттылыққа тәрбиелеген гүлама, халыққа қадірменді аламдар болған. Олардың барлығы да өздерінің алғашқы ұстазы деп Ораз ахунды таныған. Өйткені, Ораз ахун мешітінен

терең білім алмайынша олар Көкелташ медресесіне қабылданбайтын еді.

Ал енді "Ораз ахунның өзі Көкелташ медресесіне қалай барды?" деген сауал туатыны сөзсіз. Өйткені, Ораз ахунды оқытатын молла ел арасында болмаған ғой. Сонымен қатар, ахунның әкесі Бекетай келмей кісі болған. Ал, Бұқарада оқу үшін о кезде көп қаражат қажет болғаны белгілі.

Бұл жерде Аллашбай ахунның баласы Асан Мақсұмның айтқан бір пікірін келтіруге болады. Оны Асанұлы Мұталап жақсы біледі, Аллашбай ахунның туған апасы Майлабике Ораз ахунның әйелі болған. Сондықтан Аллашбай ахунның ұрпақтары Ораз ахунның ұрпақтарымен жиі араласып тұрған.

Балқы руынан шыққан Тұяқбай деген кісі Асан Мақсұмға мынандай еңгіме айтқан. Жалпақтауда тұратын Қосбармақ Балқы Сартай деген би Қарақ тауының маңындағы елдің шақыруымен келе жатып, қозы бағып жүріп ұйықтап қалған жас баланың үстінен шығады.

— Япырмай, мына баланың үстінде періште ойнап жүр ғой. Нағыз болайын деп тұрған бала екен. Өзін оятыңдаршы, — дейді қасындағыларға. Баланы оятып, үйіне алып келеді. Сонда Сартай би тұрып:

— Осы баланың билігін маған бер. Мен оқытып тәрбиелейін, — дейді.

Бұған Ораздың әкесі Бекетай келісімін беріпті. Сартай болса оны Жалпақтауға алып кетіп; сол жерде қарақалпақ молдаларына оқытқан. Зейінді бала аз жылда біліктілігі жөнінен молдалардың өзімен тең дәрежеге жетеді. Содан ол қатаң сынақтан өткізіліп, Көкелташ медресесіне қабылданады.

Ораз ахун медресені аш, жалаңаш жүріп, оқып бітіреді. Күнкөріс үшін кітап көшіреді, бала оқытады. Сөйтіп жүріп он тоғыз — жиырма жасынан бастап ғылыми еңбек жазуға кіріседі. Жоғарыда айтылған кітап оның алғашқы еңбегі болса керек. Оның

бізге белгісіз басқа еңбектері де болуы мүмкін. Оған Қожабай ахун айтты деген мына сөз дәлел бола алады.

Қожабай ахун Көкелташта оқып жүрген кезде осы медресенің муфтиы Бақа Қожа деген кісі шәкірттерінен: — Іштеріңізде Ораз-Мұхаммедтің елінен кім бар? — деп сұрайды.

Сонда Қожабай ахун:

— Мен бармын, — дейді.

— Әне, осы кісі нағыз әулие де білімдер адам. Осы кісіні қадірлеп өтіңдер, — деп тапсырады.

Мұны Қожабай ахун өз елінің азамдарына айтып келеді. Ал, бұл кезде Ораз ахунның атағы халық арасында кеңінен тараған қадірменді кезі еді.

Көкелташ медресесінде оқыған жылдары аса білімдарлығымен көзге түскен Оразға Мұхаммед деген атты теліп берген де сол муфти Бақа Қожа болған деген дерек осы кезде шыққан. Өйткені, ол өзінің сүйікті шәкірттеріне осындай қосымша есім береді екен. Бұл да Ораздың ұстазларының арасында ерекше беделге ие болғандығын дәлелдейтін жайт.

Ораз ахунның нағыз әулие, киелі екенін Жаман Сыр, Қуандария болыстарының бүкіл елі мойындаған. Өйткені, оның денесі он жылдан астам уақыт бойына жерде жатса да шірімеген. Оны ахунның қабырын ашқан кезде бүкіл жиналған халық көрген. Екіншіден, ахунның қабырының бетін жапқан қамыс пен ағашты бір талдан бөліп алған кісілер кейін оның қандай науқасқа да ем болғандығын айтып жүрген. Үшіншіден, Ораз ахунды ашып алу кезінде оның төс сүйегінің шұқыршағына жиналған бір тамшы сулы ұрттап жұтып қойған Жөнербайұлы Смайыл көп ұзамай атақты тәуіп атанады. Ол кезінде қандай науқас болса да емдеп жаза берелі екен. Мұны ауданымыздағы көптеген қариялар әлі күнге дейін айтып отырады. Смайыл 1937 жылы "Халық жауы" деген жаламен ұсталып кетіп, қаза табады.

Атақты Қалжан ахун Ораздың үлкен қызы Зейнепке үйленген күйеу баласы екен. Сол кісі түнәмелік үйіне қонбайды екен деген әсекке ілігеді. Сол кезде Ораз ахун науқастанып, өзінің мешіттегі орнын күйеу баласы Қалжанға беріп қойған екен. Қалжан түнімен мешітке болып, түрлі кітаптар оқитын болған. Мұны Ораз ахун сезеді екен. Сондықтан өзінің қасында үнемі елесіндей ертіп жүретін ақ шапаналы пірлеріне Қалжанды қоршатын барып оны мешітке кіргізеді.

— Уа, халайық, бұл кісі сіздерді оқытып, білім беру үшін өзі де көп оқып, ілімін жетілдіреді. Сол үшін мешітке келіп түнімен кітап оқиды. Енді көрдіңдер ғой, ол халықтың имандылығын ойлап жүрген жан. Оған ешқандай күмән болмасын, — деп Қалжан ахунның ізденімпаздығын көпшілік алдында жария етіп, оның атына, лақ түсірмей, арашалап қалады.

Міне, содан кейін Ораз ахунның "ақ шапанды" серіктері туралы лақап ел арасына кеңінен тарайды. Ал, ол өзінің бұл сырын тек құпия ұстайды екен. Бұл да оның есімін құпияландыра түсетін сырларының бірі. Бірақ ол шәкірті Қалжан ахунның абыройын сақтап қалу үшін өз құпиясын ашқан екен. Бұл осы уақытта жұмбақ болып келе жатқан аңыз.

— Ораз ахун Сыр бойындағы алғашқы ағартушы, халықты имандылыққа шақырған ұстаз — айдықарт құранқари Ергали Додабасұлы, — сондықтан ол халық құрметіне лайық адам.

Қазіргі уақытта бой көтергеніне 85 жыл болған Ораз ахунның қос ұйтамы кезінде қам көзектен тұрғызылғандықтан тозуға айналған, үлкен күмбесінің төбесі құлаған. Бірақ қолға алса, қайтадан қалыңа келтіруге болады. Сондықтан тарихи - мәдени орны бар және үлкен ағартушы - ұстаз болған Ораз ахун өзінің сақтау ретінде осы қос ұйтамы жөніне, күтіме алу мәселесін ойластырған дұрыс.

*(Бұл деректер Е.Сексенбаев пен  
Қ.Молдагалиевтің Қармақшы аудандық  
газетінде жарияланған мақаласынан алынды)*

## АМАНБАЙ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ

Қазақ арасында толассыз болып тұратын күдай жолы, тойлардың бірінде Қашқансу болысы, Қаратамыр руынан шыққан Өмірзақ болыс, Есболдың атақты байы және биі Аманбай, ауылнай, Есбол руынан шыққан Қиясбай т.б. кісілер кездесіп қалыпты. Аманбай бай уытты сөзімен, мейірбандығымен ел құрметіне беленген адам болса керек. Аманбай ақшасын белбеуінің арасына салып, беліне буып жүреді екен де, қарыз сұрағандарға өсімсіз қарыз берелі екен. Өмірзақ болыс Қиясбай ауылнайдан "Осы жылдың салығын жинап болдың ба? деген. Ауылнай салықты жинамағанын айтады. Сонда болыс "Атаңа нәлет, онбаған, салық жинамай не бітіріп жүрсің?" деп қатты сөккен. Сонда Аманбай болыстан салықтың неше сом екенін сұрапты. Болыс айтқан соманы түгел төлеген. Аманбай тамаққа қарамай аттанып кеткен. Аманбайдың ашуланып кеткенінен күмәнданған Өмірзақ Қармақшыға, Ерім төреге келген. Аманбай сол үйде екен, Өмірзақты болыстықтан босаттыруға келісіп қойыпты. Болыс кешірім сұрап, орнында зорға қалыпты дейді.

Есболдың төрт баласы болған, бірінші әйелі үстіне басқа әйел алдырмаймын деп ашуланғанмен Есбол екі рет үйленген. Сонан бірінші әйелі төркініне кетіп қалған. Екіқабат кеткен әйел төркініне барған соң босанып, ер бала туған. Атын Жиенбай атаған.

Соғыстан кейінгі /1941 - 1945/ жылдардың бірінде қармақшылық бір Есбол азаматы Жиенбай ұрпағымен қатысқан деген көмескі сөз бар. Ол кісі өліп кеткен. Кезінде оның әңгімесіне ешкім мән бермеген.

Есболдан: Жиенбай, Жылқыайдар, Үркетай, Қойайдар. Жылқыайдар: Күлтемір, Аспан.

Күлтемірден: Қошқарбай, Серкебай, Текебай, Еркебай,

Байшақа.

Қошқарбайдан: Пірімбет, Жолдыбай, Дәуітбай,  
Шүйдебай, Шектібай, Бектау, Сеңгірбай, Тайқара.  
Пірімбеттен: Маңлай, Жанбай, Қанбай, Оралбай, Еркінбай,  
Тезекбай, Үркімбай.  
Маңдайдан: Алтыбай, Жетібай, Жәнібек, Нәдірбек.  
Жетібайдан: Ахмет Мырзалы.  
Мырзалыдан: Бижан.  
Жәнібектен: Ермағанбет, Саймағанбет, Құрманәлі.  
Саймағанбеттен: Тілес.

Құрманәліден: Мақан, Бермақан, Өтеп.  
Жанбайдан: Қойшыбай, Жаманқара, Оңқара, Шонқара.  
Қойшыбайдан: Ыбырай, одан Әбілда.  
Жаманқарадан: Айжарық, Үсенбай, Кәрібай.  
Айжарықтан: Орынбасар, одан Шартай, Дархан.  
Үсенбайдан: Кенжебай.  
Оңқарадан: Бисенбай, Ақсейіс, Жұдырық, Байтабын,  
Байтақ, Балмахан, Досан.  
Бисенбайдан: Жорықбай, Төрехан.  
Байтабынан: Бекмақан, одан Сәду, Жалғас.  
Байтақтан: Жетпісбай, Алпысбай, Жақаш, Құбайберген.  
Балмақаннан: Әлтай, Алмақ.

Досаннан: Бөрі.

Қанбайдан: Салпық, Тайжан, Алтынбек.  
Салпықтан: Аман, одан Сүйескен, Избасқан.  
Сүйескеннен: Әбілда, Избасқаннан: Іліріс.  
Тайжаннан: Ысқақ, Жүсіп.  
Алтынбектен: Еркөбек, одан Зиябай, Балақ. Оралбайдан:  
Жиенбай.

Жиенбайдан: Иман, Баймен, Нұрмақан, Шая, Тұрман,  
Құлысбай, Ошақ, Мұса.  
Иманнан: Байраш, одан Ержақан, одан Макидон,  
Құлмақамбет, Жұмабек, Алтынбек, Аймағанбет.  
Нұрмақаннан: Рсаллы, Иса, Көпжасар, Жалғас.  
Рсаллыдан: Ердәулет, Алмас, Жалғас, Бектас, Мақұм,  
Махмут.

Көпжасардан: Бақыт, Елубай.

Шаядан: Айғали, одан Шарапатлин, Шамшатлин,  
Ибрагим, Рахымжан.  
Мүсәдан: Әбдірахман, Әбдул. Еркінбайдан: Ерәлі,  
Кенже.  
Ерәліден: Қыстаубай, Тұңғышбай. Тұңғышбайдан:  
Арапбай.  
Кенжеден: Нағашыбай, одан Болатбек, Бердібек, Сәндібек,  
Самал, Камал.  
Тезекбайдан: Бекжан, одан Жұмақұл.  
Үркімбайдан: Достан, Еспан, Есенбай, Ержан.  
Достаннан: Мизам, одан Төжтай.  
Есенбайдан: Серікбай, Байжан, Байжаннан Төлепберген,  
Өуезхан.  
Жолдыбайдан: Ақбай, одан Байқадам, Қоржынбай,  
Байқадамнан:  
Сейдулла, одан: Әбжаппар, Жаңабай, Қомшабай,  
Сапарбай, Қаппар, Хамит.  
Әбжаппардан: Әмит, Сәбит, Ғабит, Мәжит.  
Сәбиттен: Нұрсұлтан, Нұрғиса. Жаңабайдан: Жамбыл,  
Айтбай.

Хамиттан: Нұржан, Нұрбол, Қоржынбайдан: Қарағыз,  
Ерділла, Үріп, Қыстаубай, Жаңбырбай, одан Әбдіхалық.  
Қарағыздан: Әбділла, Зейнулла, Сәпек. Дәуітбайдан:  
Естай, Машақбай, Жабай, Тыныштық. Жабайдан:  
Айтбай Аяп. Айтбайдан: Тобағабыл, Жақаш.  
Тобағабылдан: Әбдірахман. Аяптан: Уәйіс.  
Тыныштықтан: Рысбай, одан Байбарақ, Құлжан.  
Байбарақтан: Әлихан. Шүйдебайдан: Көшек, Бақа,  
Қадыр.

Көшектен: Байбол, Сылық. Байболдан Әбдібек, одан  
Рахым.

Бақадан: Өсербай, одан Малдыбай, одан Имамзада.  
Қадырдан: Омар, одан Жақып, Жүсіп, Нағашыбай,  
Жақыптан: Тұрақ.

Шектібайдан: Аралбай, одан Жидебай, одан Әбділла,  
одан Әбіл, одан Боранбай.

Бектаудан: Мекебай, Қарабас. Мекебайдан: Сұрау.

одан Мүсілім.

Қарабастан: Жармағанбет, одан Шәмші, одан Байдырақман, Мақұм.

Сеңгірбайдан: Киікбай, одан Салақбай, одан Мақаш. Мақаштан: Дәулетбек, Үмбетияр, Аманкелді, Жақсықали, Аманғали, Иман, Үзбай, Сағди, Мұрыт. Тайқарадан: Қабыл, Жүмәбай, Нұртай, Сәмен. Жұмабайдан: Байназар, одан Қауға, одан Сақтаған, Ешмағанбет.

Сақтағаннан: Әбдірахман. Ешмағанбеттен: Рзадин, Алқай.

Нұртайдан: Қосқұлақ. Кәрібай, Кәрібайдан: Айтбай, Өмірбай.

Айтбайдан: Оспан, Сейітқан. Өмірбайдан: Әбу, Сылық, Алдабай.

Серкебайдан: Қонақбай, одан Достан, Бостан.

Достаннан: Арыстан. Бостаннан: Қали.

Текебайдан: Қазыбай, Күнлебай, Білеубай.

Қазыбайдан: Есет, Қара.

Есеттен: Қойшыбай, Қойшығұл.

Қойшыбайдан: Есберген, Ержан.

Қойшығұлдан: Әнуарбек, Жүмабек.

Қарадан: Әбіш.

Әбіштен: Жарылқасын, Байжан, Жолдас.

Жарылқасыннан: Жұмабай, Нұрбай.

Күнлебайдан: Алтынбай, Данбай.

Алтынбайдан: Әбдірахман, Пайыз, Бақыт.

Білеубайдан: Райым, Сарыбай.

Сарыбайдан: Әбен, Мария.

Райымнан: Байділла, одан Мәлік.

Сарыбайдан: Мәтжан, одан Бауыржан, Мықан.

Еркебайдан: Жайсан, Төлеген, Өтесай, Түркебай, Қоянбай, Сүгірбай.

Жайсаңнан: Қазантай, Сүгірәлі, Ноғай, Шонқара.

Қазантайдан: Бекей, Борсықбай, Кішкенбай, Айман, Бекейдан: Созақ.

Сүгірәліден: Түргәнбай, Сәт.

Тұрғанбайдан: Танабай, Қуанлық,  
Танабайдан: Байтоқа.  
Қуандықтан: Байен, одан Икрамша, Өтеген, Болат,  
Ыбраһ.  
Сәттен: Балабай, одан Ұзақбай, одан Әнсетік Байсерік  
Ноғайдан: Қоқыш, Бұқын  
Қоқыштан: Ізбас, одан Ақбөне  
Бұқпаннан: Рысқал.  
Шоңқаралдан: Иман, Жомарт.  
Имантан: Құлмұрат, одан Жылтыр, одан Достай,  
одан Ұмар, Оспан, Әубәкір, Рүстембек.  
Жомарттан: Қожабай.  
Төлегеннен: Құжымбай, Қошбай  
Құжымбайдан: Дүзен, Жаңабай, Бағыбай, Қонысбай  
Дүзеннен: Торғай, Торсық.  
Жаңабайдан: Шүйке.  
Тағыбайдан: Арзанбек, Сәлен.  
Сәленнен: Тұрдығұл, одан Айдар, Ізіріс, Апзал,  
Ардақ.  
Қонысбайдан: Торман, одан Нұртай, Ертай, Сәлімхан.  
Сәлімханнан: Азамат, Нұртас.  
Бекнияздан: Сарбол, одан Ақбөлгіл, Рабиға, Ұлжұмабай,  
Ұлқаллыбек.  
Түркебайдан: Сатыпаллы, Оразбай.  
Сатыпалалдан: Қолар, Қарсақбай, Ыбрақым.  
Қолардан: Керуен, одан Қаю, Қамалат.  
Қаюдан: Сағналин, одан Ерлан, Бағлан.  
Қарсақбайдан: Ақпенбет, Мақанбет.  
Мақанбеттен: Ержан, Әбіл.  
Ыбрақымнан: Бауыржан.  
Оразбайдан: Жиенбай, Шөкей.  
Жиенбайдан: Бодық, одан Зайып.  
Шөкейден: Ақберген, одан Сәлима.  
Өтесайдан: Қанатбай, Мелетбай, Қуат, Манас,  
Азанбай, Шаябай.  
Қанатбайдан: Жарасбай, Бұлмаң.  
Жарасбайдан: Бисенбай, Құллүйсен, Быланбай.

Күлдүйсеннен: Әбірахман, Әбілқалыр, Әнсагтар,  
Былапбайдан: Аспантай.  
Бұламаннан: Үрбибі.  
Медетбайдан: Пұсырман, одан Райым, Жоламан.  
Қуаттан: Білібай, одан Асқар, одан Шәман.  
Мәнастан: Мұстафа, одан Ыбырай, Зейнолла  
Ыбырайдан: Құрманкүл, Үміткүл.  
Зейнолладан: Алтынбек, Жора, Оразбек, Жұма,  
Жарқынбек, Жұмабек.  
Азанбайдан: Сқақ, одан Нәжіметдин, Пақыратдин.  
Нәжіметдиннен: Бауыржан, Телжан.  
Пақыратдиннен: Рахым, Пазыл.  
Қоянбайдан: Есберген, Есіркеп, Қаражан, Күйке.  
Есбергеннен: Ашай.  
Есіркептен: Көшекбай, одан Смайыл, Ахмет.  
Смайылдан: Әбжәли, Нұрадин.  
Ахметтен: Әбілхалық.  
Қаражаннан: Дулат, Күйкеден: Қызылбай.  
Сүгірбайдан: Ілекер, Шожбан.  
Ілекерден: Құрбан, одан Ақпан.  
Шожбаннан: Сәбет, одан Қуаныш, одан Жетпісбай.  
Байшақадан: Сырлыбай, Өтетілеу.  
Өтетілеуден: Тышқан, Жәкей, Асан.  
Тышқаннан: Ағыбай, Аяп, Шайбас.  
Ағыбайдан: Көздібай, Қартмақан.  
Аянтан: Әби, Бүркітбай.  
Әбилен: Убайдулла.  
Бүркітбайдан: Бекмағанбет, Қосмағанбет.  
Бекмағанбеттен: Өркен.  
Шайбастан: Тәжік, Созақ. Тәжіктен: Сармантай.  
Созақтан: Әбірахман.  
Сырлыбайдан: Ерубай, одан Шерубай, одан Қалыш,  
Дәруіш,  
Жәкейден: Ержан, Ермақан. Ермаханнан: Исақан,  
Әли.  
Асаннан: Білімбай, Күләй.  
Аспаннан: Тоқтарбай, Қарынбай, Бекен, Діқанбай.  
Тоқтарбайдан: Ізгілеу, Байболсын, Сүйіндік, Үкібай.

Ізтілеуден: Амантай, Орынбай.  
Амантайлан: Байқожа, олан Ізбасар, олан Камал,  
Қуан, Ашан, Жұман.  
Орынбайдан: Құрақ, олан Оразымбет.  
Байбосыннан: Мамыр, Боранқұл, Тобағабыл.  
Мамырттан: Оспан, олан Сәктай, Сақыбай, Нақыбай.  
Нақыбайдан: Орынбай, Қаржаубай.  
Боранқұлдан: Бұқан, Бұғыбай, Бұқаннан: Сәрсен.  
Бұғыбайдан: Нақ, Шора. Нақтан: Кеңшілік, Айтжан.  
Тобағұлдан: Тұңғышбай, олан Алтынбек.  
Сүйіндіктен: Тәшбай, Қалабай, Кенебай.  
Тәшбайдан: Қанай, Есқожа, Нәзік.  
Есқожадан: Сәбыр.  
Нәзіктен: Молоотовбек. Қалабайдан: Әбіш,  
Әбіштен: Жүніс, Сәби.  
Кенебайдан: Ақберген, олан Жалғасбай, олан  
Қанат, Қанағат, Жарас, олан Жандос.  
Үкібайдан: Кәрібай, Жайлыбай.  
Кәрібайдан: Өмірзақ, Темірбек, Өмірқұл.  
Жайлыбайдан: Достан. Аяған.  
Қарынбайдан: Мүсірбай, Жүсіп, Дәулетбай, Мырзабай.  
Мүсірбайдан: Әзірбек, Тасболат, Болатбек, Қожанияз.  
Дәулетбайдан: Тасбек, Аташал.  
Тасбектен: Айтұар, Есжан, Боқыш.  
Аташалдан: Мұрат, олан Қаржау.  
Айтұардан: Мәделхан, Қымырбай, Құланбай, Кенжебек,  
Мұрат.  
Мәделханнан: Әскербек, Ыбраш.  
Қымырбайдан: Асқар, Асан, Үсен.  
Қожанияздан: Сары, Әлменбет, Әптіқалық.  
Сарыдан: Меңлібай.  
Жүсіптен: Құндызбай.  
Мырзабайдан: Амандық, Нұржау.  
Амандықтан: Досай.  
Бекеннен: Балпан, Сырымбай, Барақ, Төбетбай.  
Балпаннан: Бұзаушы, Тымарбай, Қошшабай, Наушабай,  
Сұлтанбек.

Бұзаушыдан: Күлет, Доспанбет, Құлманбет.  
Доспанбеттен: Әлиакбар, одан Абылай.  
Құлманбеттен: Жұбатқан, Жақын, Болтай.  
Жұбатқаннан: Еділтай, Болтайдан: Ерболат.  
Тымарбайдан: Алтынбай, Нұрша, Қосаман, Қозыбағар.  
Тұрғаннан: Тоқабай, Қайназар.  
Тоқабайдан: Науқанбай.  
Қайназардан: Елеусін, Қаппар.  
Құлназардан: Киікбай.  
Нұршадан: Тұрсынбай, одан Садық, Шақабай, Сәруер,  
Қуантай.  
Қосаманнан: Жүргенбай, Жүрсінбай, Байғабыл.  
Жүргенбайдан: Айтбай, Қыстаубай, Сәбіз, Қартанбай.  
Жүрсінбайдан: Темір, Әлмақан.  
Қозыбағардан: Дүйсенбай.  
Қомшабайдан: Мынбай, Ерубай.  
Ерубайдан: Бақтыбай, Садық. Мыңбайдан: Ахмет.  
Бақтыбайдан: Тоқшылық, Өтеген.  
Сыдықтан: Жарылқасын.  
Сырымбайдан: Бектеміс, Әйтімбет, Наурызбай.  
Әйтімбеттен: Сопы, Елшібай, Әбілда, Кеншімбай,  
Сопыдан: Нұрман, Баймен.  
Елшібайдан: Тәшек.  
Кеншімбайдан: Оспан, одан Темір.  
Наурызбайдан: Аманбай, Әлібек, Жайлау, Жағалтай,  
Әзібай.  
Аманбайдан: Камал, Асан.  
Камалдан: Арыстан.  
Әлібектен: Бермеш, Нұрмағанбет, Досан, Тайшық.  
Бермештен: Қыстаубай, Қожабай.  
Нұрмағанбеттен: Әпсәлем. Досаннан: Айшық, Тайша.  
Тайшықтан: Серік.  
Жайлаудан: Аман, одан Ұзақ, одан Ахмет.  
Жағалтайдан: Боранбай, одан Торша, Жалғас,  
Байғара, Сұлтан.  
Әзірбайдан: Қала, Ерман, Әбі, Өмір.  
Ерманнан: Хайрулла. Күзеннен: Жұмыр, Жұбаныш,  
Жұмағұл.

Барақтан: Малқара, Құдайберген.  
Малқаралан: Тынымбай, Шотық.  
Тынымбайдан: Нұржан, одан Кішібай, Тәте.  
Шотықтан: Оспан, одан Танатар, Өмірзақ, Байзақ.  
Құдайбергеннен: Әлжан, Айбас.  
Әлжаннан: Мыңжасар, Бәйелі, Әбдірей.  
Мыңжасардан: Қыстаубай, Қиналбай, Рай, Сқақ,  
Қоналыбай.  
Бәйеліден: Қауынбек. Әбдірейден: Бәйбек.  
Төбетбайдан: Айдар, Манатай, Көшек, Ансат.  
Манатайдан: Даубай, одан Жидебай, одан Жаңтақбай.  
Көшектен: Өтепберген, одан Дүйсенбай, одан  
Қуанышбек.  
Ансаттан: Ақшабай, Алтыбай, Бисен, Өптіқалы.  
Алтыбайдан: Сқақ. Өптіқалыдан: Сәдуақас,  
Сәкен.  
Үркетайдан: Баймырза, Жолмырза, Жанай.  
Баймырзадан: Сағындық, Нұрымбет, Құлаша, Дөме.  
Сағындықтан: Өмірбай, Сәрке, Танаш, Тілеке,  
Өтетілеу.  
Өмірбайдан: Бегімбай, Жанзақ, Ақшам, Аташам, Базарбай,  
Шалбай.  
Бегімбайдан: Жарасбай, одан Сүйінтай, Опаш.  
Сүйінтайдан: Уәли, Опаштан: Қуаныш, Жанзақтан:  
Дүзелбай, одан Сексенбай, одан Ерназар, Жалдыбай.  
Ақшамнан: Байтабын, Игенбай, Байшора.  
Игенбайдан: Қуандық, Байшорадан: Пақыратдин,  
Сләм.  
Базарбайдан: Бекен, одан Ермекбай.  
Шалбайдан: Серікбай, Жорықбай.  
Серікбайдан, Сапарғали, одан Төлеп.  
Жорықбайдан: Мақаш, Әбутәліп.  
Сәркеден: Алтынбай, Байқан, Байбала.  
Алтынбайдан: Қаражан, одан Төлеген, Құланбай,  
Төлегеннен: Әмзе, Аппаз. Құланбайдан: Қарғабай.  
Байқаннан: Тұрым, Махамбет, Ақшапан. Тұрымнан:  
Смағұл, Рсалды. Смағұлдан: Көпен. Рсалдыдан: Ержан.  
Мақанбеттен: Қалыбай, Білшен.

Қалыбайдан: Кәри, одан Нәби.  
Білшәннен: Мырзатай. Ақшапаннан: Сүлей, одан  
Мәдірәсіл, Мәдірәйім.  
Байбаладан: Әбдір, одан Жүсіпбек. Танаштан: Еспан,  
одан Мәксүт.  
Тілекеден: Медет, одан Аяған, одан Әлжан.  
Өтетілеуден: Тұрабай, одан Тұрман, одан Қасым,  
Тақай.

Қасымнан: Әлібай, Әбдірахмар.  
Нұрымбеттен: Бурабай, Қонарбай.  
Бурабайдан: Ұзақ, Жарас, Мырқияс.  
Жарастан: Тұрсынбек, Тұрлыбек, Қуаныш.  
Құлашадан: Байсеу, одан Ақыл, одан Салық, одан  
Өмірзақ.

Дәмеден: Саламат, одан Кетебай, одан Рүстем.  
Шіллебай, Қарсақбай.

Саламаттан: Кенбай, Меңлібай, Сембай.  
Кенбайдан: Дәулет, Рүстем, Берібай, Ермахан, Қарсақбай,  
Шіллебай.

Дәулеттен: Балғабай, одан Балтабай.

Рүстемнен: Асан, Қасен.

Берібайдан: Базар, Тәжібай, Асау, Орынбек, Кенжебек,  
Жөнібек.

Базардан: Молдабек.

Орынбектен: Ахметияр, Әзілхан.

Шіллебайдан: Бұдырбай. Меңлібайлан Құттымұрат,  
одан Боранбай.

Боранбайдан: Оспантай, Есмақан.

Сембайдан: Үрпек, Қайып, Қойшыбай.

Үрпектен: Атантай. Қайыптан: Төлепбай, Қойшыбайдан:  
Аппаз, Мырқы.

Жолмырзадан: Жомарт, одан Әжерей. Досым,  
Таласбай.

Әжерейден: Еріш, одан Аман, одан Әпсейіт, Жансейіт.  
Таласбайдан: Мақанбет, одан Әбіқалық, Тәжен.

Жаңайдан: Зәуір, Әділ, Сабыр, Игенбай, Әлменбет.

Зәуірден: Бекетай, одан Ораз Мұқаммед /атақты  
ахун/ Жөнербай, Онғар, Бөкей.

Ораз-Мұқамметтен: Әбіләзи, Әбілжәми, Ләжіп, Халиолла.  
Әбіләзиден: Садық, Мәнсүр, Әлімжан, Алмақан.  
Халиолладан: Камалатдин, Жөнербайдан: Әбілкәрім,  
Смайыл, Әбілрахман, Әбдіразақ, Сқақ, Әбдір.  
Әбілкәрімнен: Убайдулла, Смайылдан: Атамұрат,  
Құлмұрат.

Әбілрахманнан: Сәдірбек.

Бөкейден: Әптіқали, одан Самал, Жұматай. Сабырдан:  
Егіз, Сегіз, Дүйім

Егізден: Қосекен, Шалқар, Бөйду. Қосекеннен: Сырман,  
Нарман, Қиясбай, Ыбырай, Жарбол, Қиясбайдан:  
Балқыбай, Бедебай. Жақыпбай, Нақыпбек, Әбу.

Ыбырайдан: Қаршыға, Аблайсан, Көшер.

Сегізден: Үргенішбай, Баймен, Қосқұлақ.

Үргенішбайдан: Шекер, одан Ізмағанбет.

Байменнен: Жұмахмет, одан Ақмұрат.

Қосқұлақтан: Омар, одан Қарамырза.

Есболдың Қойайдар деген баласынан тұқым жоқ  
көрінеді.

## МЕТЕЙ САРҚАСҚА

Метей – Әллеберлінің екінші баласы.

Бұл рудан да талай жұртты аузына қаратқан  
билер, шешендер, жазушылар, жыраулар шыққан.  
Қазақтың өткен өмірінде не көп: ас көп, той көп,  
Сондай, бір аста кетенің биі Бекетпен Қалдан  
батыр сөзге келіп шатасып қалады да Қалдан  
өзіне қараған рұларлы ертіп, асқа қарамай қайтып  
кеткен. Ас беріп жатқан кете руы болса керек.  
Қалдан батырды жиынға қайырып әкеле алатын  
кім бар екен деп жан- жағына қараған Бекет биі  
сол кезде 80 жаста келген, Метейдің биі әрі  
тапқыр кісісі Айғозыға тоқтапты. Бекет биі Айғозыға:  
біздікі ұят болды, ана тентекті /Қалданды еркелеткен  
ел кейде тентек дейді екен /өзүңізден басқа ешкім  
қайыра алмас депті. Бекеттің өтінішін түсінген

Айғозы Қалданның соңынан қуып жетіп тоқтатыпты да: "Әй, Қалдан /Қалданнан үлкен екен/, саған екі түрлі сыйлық әкелдім. Шайтан ашу, араз деген екі бала, Періште Келіс, Жарас деген екі бала туыпты. Осы екеуінің қайсысының баласын аласың?" депті. Сонда Қалдан батыр Шайтанның баласы құрсын, періштенің баласын алайын" деп жинға қайтып жүре беріпті дейді. Не деген керемет сөз десеңізші!

Метейден шыққан Молдахмет жырауды білмейтін қаракесек баласы жоқ шығар. Бүкіл қазаққа мәлім белгілі жазушы Нәсіредін Серәлиев осы руадын перзенті.

Молдахмет жырау Дабылұлы 1893 жылы Қармақшы ауданының Қашқансу өңірінде кедей шаруаның отбасында туған. Өлең-жырлы өз анасы Ақсұлу деген кісіден үйренген. Ақсұлу Әлімнің Қарасақал руынан шыққан Ерімбет ақынның қарындасы болады. Молдахмет керейт даңмұрын ақынның шәкірті болады. Ол қырық дастан жаттаған кісі. Олары "Көрүтұлы", "Көк қатын", "Тақ Сүлеймен", "Қысырауын", "Ақтам сопы", тағы басқа дастандар. Молдахмет өзі де өлең жазып, көптеген өлең-дастан шығарған. Олары "Шыбық қыз", "Сарқасқа атты Келменбет", "Қазақ, Алаш тарихы", "Өзім туралы дастан", "Қазақтың шаңырағы", "Қазақ дегеніміз", "Жер шолу" деген дастандар.

М. Дабылұлы 1946 жылы қайтыс болған. 1992 жылы Чапаев атындағы колхозда Молдахмет Дабылұлының 100 жылдық мерейтойы өткізіліп, колхоздың мәдениет сарайы сол кісінің атымен аталды. Аудандық баспаханадан "Молдахмет жыраудың жырлары" деген өлеңдер жинағы шықты. Баласы Қанибек Молдахметов Қармақшы аудандық "Қармақшы таны" газеті редакторының орынбасары болып істейді. Ақынның мұрасы әлі толық жинақталып болған жоқ. Молдахмет жыраудың ататегі Дабыл - Өмірзақ - Алтай - Қаржау - Қалымбет-Метей-Әлдеберлі - Келменбет - Келдібай -Бозгүл - Шөмекей болып келеді.

Осы Метейден: Қалымбек, Бозторғай, Сәрт гүган,  
Қалымбеттен: Қаржау, Нұржау, Жауар, Үргеншібай,  
Қаржаудан: Аралбай, Алтай, Тәңкі, Естемес,  
Аралбайдан: Торабыз  
Торабыздан: Тұтыбай, Данбай, Сандыбай, Қожамжар,  
Аллажар, Үбіжар  
Данбайдан: Әбдірахман, Әбікер, Әдібай, Әбжаншар,  
Әбдірахманнан: Жұбан, Әбен,  
Әбікерден: Мүсілім, Әбужар, Әбжаншардан:  
Елеусін.  
Сандыбайдан: Мұртсалы, одан Сүгірәлі, Ерман,  
Жұмағали, Тұрақ.  
Сүгірәліден: Рақман, Мұрат.  
Жұмағалидан: Тоқсанбай, Құдайберді,  
Тұрақтан: Қамаш,  
Қожамжардан: Серәлі, одан Нәсіреддин / жазушы /,  
Камалатлин, Тілеуберген, Достан,  
Нәсіреддиннен: Әнуар, Тілеубергеннен: Нұржан  
Алламжардан: Төребай, Пернебай,  
Төребайдан: Әмзе, одан Шайхымансұр,  
Пернебайдан: Шөрі, Сұлтан.  
Шөріден: Мақсұт, Мұқамметғали, Махмут,  
Мақсұттан: Еркін, Ерлан,  
Махмуттан: Бауыржан,  
Үбіжардан: Өтеген, одан Мұқаммедияр, Есжан,  
Алтайдан: Байзақ, Өмірзақ,  
Өмірзақтан: Бөрібай, Жолдыбай, Жабай, Дабыл,  
Бөрібайдан: Есмақан, одан Қожан, одан Тоты,  
Жолдыбайдан: Меңеш, одан Қарабек, Бекқұлы,  
Қарабектен Шерқұл.  
Жабайдан: Бекен, одан Орынбасар,  
Дабылдан: Жармақан, Молдахмет,  
Жармақаннан: Сейдеғали, Нұрғали, Ергали, Тынышбек,  
Сейдеғалидан: Тұрмақан, Төрехан, Жұмақан,  
Ергалидан: Ерболат, Нұрлыбек, Ерлібек, Ербол,  
Нұрғалидан: Жанболат, Нұрболат, Нұрлан,  
Тынышбектен: Ақерке,  
Молдахметтен: Зарлық, Қанибек, Зарлықтан: Дулат.

Қанибектен: Ғабит, Ғалым, Ғаблол.

Тәнкіден: Байбек, Айғозы, Мықтыбай, Жорықбай, Мекебай.

Байбектен: Арқай, Назарбай. Арқайдан: Жүгініс, Ілияс. Ілиястан: Достан, Жақсылық. Назарбайдан: Нұрыш, оған Есет, Бекмырза. Есеттен: Кетебай. Айғозыдан: Әбілла, Білман. Әбілладан: Ермақан, оған Мақамбетжан, Садық. Мақамбетжаннан: Ікімә, Болат, Ербол.

Садықтан: Нұрлан.

Жорықбайдан: Боранбай, оған Ерекеш. Мекебайдан: Мырза, Дәулет. Дәулеттен: Жәнібек, оған Есдәулет.

Естеместен: Тамай, оған Еламан, Жоламан. Еламаннан: Боранқұл, оған Қайып, Мақаш. Қайыптан: Бекмырза, Құлмырза, Жолмырза, Салмырза. Нұржаудан: Есет, Көрпе.

Есеттен: Орынбай, оған Қаражан, оған Оразай. Көрпеден: Жарылқан.

Үргенішбайдан: Сынасап, Дәуіт, Есқұлы.

Сынасаптан: Ассар, Шалқар.

Шалқардан: Достанбай, Асарбай, Әбу.

Достанбайдан: Жәкен, оған Өтебай.

Дәуіттен: Досжан, Сәтжан.

Сәтжаннан: Қораз, оған Әбен, Ахмет.

Есқұлыдан: Қосназар, оған Тілеубай, Шәмші.

Тілеубайдан: Әлиасқар, Мақан, Әлмақан, Жалайыр, Өткелбай.

Әлиасқардан: Сұлтан, Кенжебек.

Сұлтаннан: Тұрсынбай, оған Ғабит, Серікбай, Ғабаул.

Кенжебектен: Сейткерім, Алтынбек, Алтай, Алматы.

Мақаннан: Әбжанпар, Әбсаттар, Жағпар, Мәдияр.

Жағпардан: Әнуар, Әскербек, Әлішер, Әубәкір, Әлібек. Мәдиярдан: Талғат, Қанат, Рахат.

Әлмақаннан: Өмірзақ. Өткелбайдан: Сақтаған.

Сақтағаннан: Марат, Жомарт, Бауыржан, Сәбит, Жәмит.

Шәмиден: Есет, Бадай, Жақып, Майдан, Ідіріс.

Есеттен: Нұрман, оған Әбдіраш, оған Серікбай.

Бадайдан: Төлеу, одан Жанат. Жықыптан: Қосым.  
Ідірістен: Досым.  
Бозторғайдан: /Ибескі/ Алтынбай, Қалыбай, Асан.  
Байшуақ.  
Алтынбайдан: Әсер, Мұсыр, Мұсылан, Жүсіпбай,  
одан Жолдасбай.  
Қалыбайдан: Қыдырбай, Шуан, Сары.  
Қыдырбайдан: Баймен, Санар.  
Сапардан: Жүніс, Нұрыш, Әбілда.  
Жүністен: Сәруәр, Сәдуақас, Әбілділан, Иса  
Шуаннан: Өтеміс, Қирабай, Дайрабай.  
Қирабайдан: Жыңғылбай, одан Аяған, одан Гүрсынбай.  
Тұрсынбайдан: Алтай, Асқар, Алматы, Амангелді.  
Сарыдан: Жоңса, одан Ақпан, Тоқпан, Кәрібай,  
Ыбырай.  
Ақпаннан: Құтыбай, одан Әлімбай.  
Тоқпаннан: Боранбай, Табынбай.  
Табынбайдан: Қожабай, Әтібай.  
Қожабайдан: Абыт, Кәрібайдан Бекетай.  
Асаннан: Маңғыт, одан Тәжібай, одан Ыбырақым,  
Көпен, Бекен.  
Байшуақтан: Құлымбай, одан Ашабай, одан Сүйінбай.  
Сүйінбайдан: Алдан, Емберген, Сақым.  
Алданнан: Сатан, Өмірәл. Ембергеннен: Әдина,  
Нұғман.  
Әдинадан: Әбіләзі, Асанәлі, Бисен, Қонысбек,  
Қуанышбек, Оралбек.  
Нұғманнан: Әбіласан, Сейтасан.  
Сарттан: Жортпақ, Жортар, Шабар, Шаншар.  
Жортардан: Тауасар, Беласар, Жанасқан, Жасауыл,  
Қарауыл. Тауасардан: Қораз, Тәйеке.  
Қораздан: Әбіш, Әли. Әлиден: Ерімхан, одан Ералдулат,  
Дастан.  
Беласардан: Байбақты, Тәжібек, Досымбай, Мыймақ.  
Байбақтыдан: Әбілхалық, одан Әбзәли, одан Қани,  
Сақи, Тәжібайдан: Тоқпанбет, одан Бектібай, Тұраш.  
Досымбайдан: Ерман, Әбілда.  
Жанасқаннан: Қирабай, Бурабай, Дадан.

Қирабайдан: Жұмабай, Ыбырай, Қылышбай, Дайрабай,  
Ыбырайдан: Қоқымбай, одан Сағындық, Серікбай,  
Берікбай.  
Қылышбайдан: Ысым, Мықай, Жақай, Алтай, Дәулет,  
Ысымнан: Жайнарбек. Алтайдан: Мүстана, Толыбай,  
Дәулеттен: Сәйран, Қонысбек.  
Бурабайдан: Жүсіп, Жақып, Жүніс, Ахмет,  
Жақыптан: Мұсағали, одан Қуан,  
Жүністен: Құрманғали, одан Қуанышбек,  
Жасауылдан: Өтеген, Батырбай, Әлімбай.  
Өтегеннен: Қасым, Әбдірайым, Домалақ, Маку, Смайыл,  
Жақып.  
Қасымнан: Әбу, Омар, Садық, Қайыр.  
Әбдірайымнан: Рахман. Домалақтан: Аязбай, Қойтан.  
Смайылдан: Күләш.  
Жақыптан: Нақыпбек. Батырбайдан: Аяп, Мақамбет,  
Аяптан: Қаршыға, Қарсыбай.  
Қаршығадан: Ниязбек,  
Қарауылдан: Шайымбет, Әлекен, Бәйімбет, Балман.  
Шайымбеттен: Тәтпен, Нұртаза.  
Тәтпеннен: Жеткерген, Тілеуберген, Бекберген.  
Жеткергеннен: Марат, Болатбек.  
Тілеубергеннен: Сәбит, Бекбергеннен: Бауыржан.  
Нұртазадан: Рақман, Райымбек, Райбек.  
Әлекеннен: Ілияс, Кәрім.  
Ілиястан: Тоқшылық, Кәрімнен: Алданыш, Жалғас.  
Бәйімбеттен: Айтмақан, Бақыш.  
Шабардан: Қосдәулет, одан Жангүтты, Жанғозы,  
Алыпқара.  
Жангүттыдан: Оразбай, Есбатыр, Досбатыр, Баймырза,  
Наурызбай, Досан.  
Оразбайдан: Мұқамбетияр, Әлмақан, Сарыбай.  
Мұқамбетиярдан: Даңғара.  
Әлмақаннан: Қайырбек, одан Теңелбек, Камалбек,  
Алтынбек, Жарқынбек.  
Досбатырдан: Сәден, одан Өмірбай, Өмірсерік, Тынымбай.  
Өмірбайдан: Қыдырбек, Қожабек, Тынымбайдан: Бітеген.  
Есбатырдан: Байжігіт, Кенже.

Байжігіттен: Көлей. Баймырзалан. Ермақан, Ықылас,  
Есмақаннан: Сисен, одан Серік, Берік, Нұрбол.  
Ықыластан: Гүлшәріқа.  
Жанғозыдан: Ерімбет, Нұрымбет, Бәймбет, Ешпан,  
Балман.  
Ерімбеттен: Ілияс, одан Әбіләкім.  
Бәймбеттен: Тәшпен, Ысқақ. Ысқақтан: Тынысбек,  
Асылбек, Мырзабек.  
Ешпаннан: Күшей, Балшатай. Күшейден: Пірназар,  
Дүйсенбай.  
Пірназардан: Қалдан, Қалжан, Кәжен, Батырбек,  
Әділбек.  
Дүйсенбайдан: Шығияз, Камал.

### ҚАЛМАҚ СЫНШЫСЫНЫҢ БОЛЖАМЫ

Әлдеберлінің үшінші баласы Өтебай батыр алам болған екен дейді. Қалмақпен бір соғыста қолға түскендер арасында қалмаққа белгілі сыншы бар екен. Сол қалмақ сыншысын әкеліп, Өтебай алты баласын сынатқан көрінеді.

Бірінші баласы Оразайлы тұқымы көп болады, елдің татулығын тілейді, татулық үшін жиналған елдің тамағын асып, түсіріп, түтінінің астында жүрседі, ұрпағында атақты палуандар дүниеге келеді депті.

Екінші баласы Құбаны қара қылады қақ жарған би болады, билік жеті атасына дейін жалғасады депті.

Үшінші баласы Жанғабылды саудагер, ұрпағы және төбеге шығар аламдары көп болады дейді.

Төртінші баласы Сұлтанды тұқымы өсіп - өнеді көп болады, би, бай адамдар көп шығады депті.

Бесінші баласы Тойқожаны өзінен бастап жеті атасына дейін асқан батыр болады дейді.

Алтыншы баласы Адамбайды жігіттері ұрлықпен айналысады, дауда дес бермес деп сынаған екен дейді.

Ата - бабалардың өткеніне көз жіберсек, қалмақ сыншысының айтқандары дәл келмесе де көп болжамдары расқа шыққан сияқты. Мысалы Оразай ұрпағы өткен 1931 жылғы аштық алында 300 шаңыраққа жеткен көрінеді.

